



Мұнайлы ӨЛКЕ

Газет-2009 жылдың
01 мамырынан
шығады

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының газеті

№09 (61), қыркүйек - қазан, 2014 жыл

Елбасы Маңғыстауда

Еліміздің біраз өңірлерін аралап, тыныс-тірлігін байқап, жобалары мен жоспарларының орындалу барысымен көзбе-көз танысқан Елбасы Маңғыстау облысына арнайы келді. Сапары аясында Маңғыстау облысының бүгінгі ахуалымен және өңірде индустриялық бағдарламалардың жүзеге асу барысымен танысып, кәсіпкерлермен кездесуде бұл саладағы барлық мәселелерді талқылады.

Мемлекет басшысы Маңғыстауда сапарын Ақтау халықаралық теңіз-сауда портында жүріп жатқан портты солтүстік бағытқа кеңейту жұмыстарымен танысудан бастады. Ақтау портын кеңейту жобасы бойынша жылдық қуаты 1,5 тонна астық терминалының құрылысы, сондай-ақ жылдық қуаты 1,5 тонна бас жүктер мен контейнерлерге арналған екі терминал құрылысын салу есебінен жүк тасымалдау қуатын жылына 19,5 тоннаға арттыру көзделіп отыр. Жалпы кеңітетін аумақ көлемі - 22 га. Жоба құны 38 млрд. теңге. Құрылыс жұмыстарының 1-кезеңін 2014 жылдың желтоқсан айында аяқтау жоспарланған.

Елбасы алдында Каспий теңізіндегі порттың, транскаспийлік бағыттың, сондай-ақ Маңғыстау облысының көлік торабы инфрақұрылымын дамыту туралы баяндалды. Еңбек ұжымымен кездесуде Мемлекет басшысы Ақтау халықаралық теңіз-сауда портына айрықша көңіл бөлініп отырғанын айтты.

Содан соң Нұрсұлтан Әбішұлы «Ақтау халықаралық теңіз-сауда порты» арнайы экономикалық аймағында орналасқан «Каспиан Офшор энд Марин Констракшн» ЖШС-інде болды. Ішкі және сыртқы сауда, жалпы экономикалық, әлеуметтік, аймақтық және ғылыми-техникалық тапсырмалар ретіндегі жеке аумақтар бойынша мемлекеттік дамудың стратегиялық тапсырмаларын шешу мақсатында құрылған еліміздегі арнайы экономикалық аймақтардың бірі - «Ақтау халықаралық теңіз-сауда порты» арнайы экономикалық аймағы. 2003 жылдың 1 қаңтарынан өз жұмысын бастаған аймақ еліміздегі Маңғыстау облысындағы индустриялық-өнеркәсіптік кластерін құрудың алғашқы қадамының бірі болып табылады. Инвесторлар ісін жүргізу үшін



Қазақстанды табиғи ресурстар мен пайдалы қазбаларға бай, әрі Еуропа мен Азия арасындағы көпір, Ресей және Беларусь елдерімен бірегей кеден кеңістігі қалыптасқан, сондай-ақ, саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылық есебіне инвестор құқықтары қорғалады деп таңдаса, оның ішінде Каспий теңізіне шығу мүмкіндігі бар, мұнай-газ аймағы ретінде ерекшелікке ие, ТРАСЕКА және Солтүстік-Оңтүстік көлік дәліздерінің қиылысында байланыстырушы дәліз ретінде танылған Ақтауда кәсібін өркендетуге құштарлық бар.

Өз кезегінде Ақтаудағы бұл экономикалық аймақ та салық және кеден баждарынан босатылу, инфрақұрылымдарды мемлекет қаржысынан салу, жер аумақтарын 10 жылға дейін тегін беріп, одан әрі сатып алу мүмкіндігін беру, әкімшілік тосқауылдарды төмендетіп, яғни «бір терезе» қағидасымен жұмыс жасау арқылы тіркеу тәртібін, сонымен қатар, мемлекет мекемелерімен келіссөз жүргізуді жеңілдету сынды артықшылықтарды ұсынады. Ақтау қаласының өндірістік және жағалау маңы аумағында орналасқан. Жалпы көлемі 2000 гектарды құрайды. Химиялық өнеркәсіп өнімдерін, дайын металл бұйымдарын, резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру, металлургиялық өнеркәсіп, машиналар мен жабдықтар шығару, металл емес өнімдерді және тұрмыстық электр аспаптарын өндіру, тері бұйымдарын дайындау,

фармацевтикалық өнімдер мен дәрі-дәрмектер өндіру, мұнай-химия өнімдерін, сондай-ақ, ілеспелі, шектес өндірістер мен технологиялар өндіру, қоймалық шаруашылық және көмекші көлік қызметі сынды қызмет түрлерін көрсететін аймақта 2003-2005 жылдары 3 жоба, 2011 жылы 1 жоба жүзеге асырылды. Олар - «Arcelor Mittal Tubular Products Aktau» АҚ мұнай құбырлары сұрыптамаларын шығару зауыты, «Keppel Kazakhstan» ЖШС теңіз металл құрылымы зауыты, «Ақтау шыны-пластикалық құбырлар зауыты» ЖШС шыны-пластикалық құбырлар шығару зауыты, «Ақтау Полимер» ЖШС прецизиондық құбырлар шығару зауыты.

2012-2013 жылдары жүзеге асыру үшін 17 жобаны көздеген аймақ 2013 жылы «ДСК-Ақтау» ЖШС үй салу комбинатының құрылысы, «ДСК-Қараойқұрылыс» ЖШС үй салу комбинатының құрылысы, «Медикал Фарм «Ча-Кур» ЖШС фармацевтикалық кешені, «Каспиопласт» ЖШС төменгі қысымда полиэтилен құбырларын шығару және «Т.Е.С.С.О» ЖШС инжинирингті-монтаждық кешенді пайдалану арқылы офшорлық контейнерлер шығару құрылысы сынды жобаларды өндіріске енгізді. Қазір арнайы экономикалық аймақта жоғары технологиялық экспортқа бағдарланған өндірістермен толтыру жұмыстары жалғасуда. Бүгінгі таңда ЕАА аумағында 5 кәсіпорын жұмыс істеп, 29 млрд. теңгеге жуық қаражат тартылды. 223 млрд. теңгеге өнім өндіріліп, бюджетке 9,5 млрд. теңге

көлемінде салық төленді. 1000-нан аса жұмыс орындары құрылды. Биылғы жылы мұнда 365 жұмыс орны мен жалпы құны 5 млрд. теңгеге құрайтын 5 жобаны іске асыру жоспарланса, 2015-2017 жылдарға 7000 жұмыс орындарын құрайтын, жалпы құны 375 млрд. теңге болатын 14 жобаны іске асырылуы жоспарланған. ЕАА аумағында инженерлік және көліктік инфрақұрылымдармен жабдықтау жұмыстары жүрілуде.

Мемлекет басшысы барған «Каспиан Офшор энд Марин Констракшн» ЖШС - «Ақтау халықаралық теңіз-сауда порты» арнайы экономикалық аймағында жұмыс орны табысты жүргізіп отырған компаниялардың бірі, ол қазақстандықтарға «Keppel Қазақстан» деген атаумен таныс. Серіктестікте Н.Назарбаевқа аталған ЖШС тұрғызып жатқан өзі көтерлетіп тұрғылау қондырғысы таныстырылды. Жобалық жұмыстары 2012 жылы басталған бұл қондырғы Қазақстанда алғашқы болуымен ерекшеленді. «Каспиан Офшор энд Марин Констракшн» ЖШС 2013 жылдың наурыз айында құрылған. Қазақстанды жоғары сапалы теңіз металл құрылғыларымен, нақты айтсақ, кәсіпорын құрылғылары, мұнай-газ өнеркәсібіне арналған өндірістік қондырғыларды құрумен және құрылысын жүргізумен, кеме жасаумен, жөндеумен және оларға техникалық қызмет көрсетумен айналысатын серіктестік 35,6 га жерге орналасқан.

(жалғасы 2 бетте)



(Соңы. Басы 1 бетте)

Елбасы Маңғыстауда



www.akorda.kz

Кемежай инфрақұрылымының дамуына жұмсалған инвестицияның жалпы көлемі 2004 жылдан бері 100 млн. АҚШ долларын құраған зауыт қазіргі таңда 550-ге тарта адамды жұмыспен қамтып отыр. 2005-2011 жылдар аралығында 60 мың тонна металл құрылғыларын шығару қуатылығымен жұмыс жасаған зауыт теңіздей мұнай кен орындарына заманауи технологиялармен жабдықталған септігін тигізеді. Атап айтсақ, «Аджи ККО» компаниясының тапсырысымен Қашаған кен орының 1-кезеңін игеру жұмыстарына қажетті құбырлық эстакада мен тасымалдаушы баржалар осы зауытта дайындалады.

Мемлекет басшысы Ақтау қаласында «Каспий-битум» зауыты жұмысымен деген танысты. Битум шығаратын зауыт Қазақстан Республикасының 2010-2014 жылдарға арналған үдемелі индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасында қарастырылған «Ақтау пластикалық масса зауытына жол бітудары өндірісі» жобасының жүзеге асырылуы аясында салынды. «Казмұнай-Газ» ҰК АҚ пен Қытайдың «CITIC Group» компаниясының тең атқасуы нәтижесінде қазығы 2009 жылы қағылған зауыт өткен жылдың екінші жартысында Елбасының қатысуымен өткен тікелей телекөпірге іске қосылды. Құны 43 500 млн. теңге тұратын жобаның іске асуы үшін 1200 адам білек сыбана жұмыс жасаса, қазіргі таңда мұнда 325 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Зауыт жұмысымен танысып, еңбек ұжымымен кездескен Мемлекет басшысы келесі Жолдауда үлкен бағдарлама бар екендігін, Астанадан бастап Қазақстанның түкпір-түкпіріне апаратын және шетелдермен жалғайтын автожолдар салуды көздейтін «Нұрлы жол» бағдарламасының жүзеге асындығын, Ақтаудағы бұл зауыт өнімінің қолданылатындығын жеткізді.

Бұл жобаны жүзеге асыруға көп жұмыс істеді. 2007 жылдан бері қытайлық әріптестермен келіссөздер жүргізіліп, зауыттың өз аяғынан тұруына біраз тер төрткілді, - деді Елбасы.

Н.Назарбаев теңіз жағалауында жастар өкілдерімен де кездесті. «Менің елім: Каспийден Алтайға дейін» акциясын өткізуді қолға алған экспедиция мүшелері Елбасынан бата алып, республиканың барлық өңірін Ақтау – Атырау – Орал – Ақтөбе – Қостанай – Петропавл – Кокшетау – Астана – Қарағанды – Павлодар – Ескемен – Алматы – Тараз – Шымкент – Қызылорда бағыттары бойынша араламақ. Бұл туралы Мемлекет басшысы алдында экспедиция жетекшісі, PhD докторанты Бақтыбай Жайлау: «Күрметті Елбасы! Сіздің «Қазақстан-2050» Стратегияңыз бен Ұлытауда берген сұхбатыңыз бізді

қанаттандырып, тың қадамдарға жетелеуде. Әлемдегі ең үздік 30 елдің қатарына қосылуды мақсат еткен Қазақстанның тұрақтылығына, бірлігіне және одан әрі көркеюіне жастар өз үлесін қосуда. Стратегияны қолдау, жүзеге асыру үшін біз «Менің елім: Каспийден Алтайға дейін» атты автомобиль экспедициясын ұйымдастырдық. Қазақстанның барлық өңірлерін аралай жүріп, кең-байтақ жеріміздің тарихын, мәдениетін, әдебиетін, тілін насихаттау үшін экспедицияға аттанғалы отырмыз», деді.

Мемлекет басшысы одан әрі теңіз жағасындағы «Каспий Ривьер» қонақ үйінің залында телекөпір арқылы «Боржақты-Ерсай» жаңа теміржол құрылысын іске қосып, жаңа жол құрылысына сәттілік тіледі. Боржақты Мұнайлы ауданының аумағында орналасқан, теңіз жағалай Қарақия ауданындағы Ерсай компаниясына қарай 17,5 шақырым қашықтықты құрайтын теміржол құрықтағы паромдық кешендерді дамыту жұмысына қосымша екіні береді. Құрық теңіз порты – Каспий теңізіндегі қыста қатпайтын бірден-бір порт. Ол теңіздің қазақстандық секторында мұнай операцияларын қолдаудың негізгі нысандарының бірі болмақ. Келешекте Құрық порты жетілдіріліп, онда кеме жасау және кеме жөндеу зауыты секілді жаңа нысандар бой көтеріп, жаңа жұмыс орындарын ашу күтіледі десек, құрылыс жұмыстары енді қолға алынған жаңа теміржол – осы жұмыстардың бір тармағы. Яғни, бұл теміржол желісі Құрық портындағы паромдық кешен құрылысы жобасы мен жағалаудағы индустриялық жобаларды жүзеге асыру бағытында қолға алынған инфрақұрылымдық жұмыстардың бірі. Қазақстанның экспорттық-транзиттік дамуындағы маңызды көлік-логистикалық желі болып табылатын Маңғыстау облысы 2009-2014 жылдар ішінде теміржол және порттық инфрақұрылымдардың дамуына 200 млрд. теңгеден астам инвестиция төрткілді, ал Құрық портының паромдық кешені жобасы жүзеге асқанда жаңадан 4 мың жұмыс орны құрылатын болады.

Мемлекет басшысы Н.Назарбаев өңірде инвестициялық жобаларды жүзеге асырушы кәсіпкерлермен кездесті. Алдымен аймақ басшысы А.Айдарбаевтың Маңғыстау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі есебін тыңдады.

Ағымдағы жылы облыстың әлеуметтік-экономикалық даму жұмысы Елбасының 2014 жылдың 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында қойылған тапсырмаларға, сонымен қатар, стратегиялық және

мемлекеттік, салалық басым бағдарламаларға сәйкес құрылды. Маңғыстау облысының 2011-2015 жылдарға арналған Даму жоспарының жүзеге асырылуы жалғасуда. Барлық қабылданған шаралар сапалы экономикалық өсуді қамтамасыз етуге, алдағы индустриялық-инновациялық даму бағдарламаларын жүзеге асыруға, халықтың әл-ауқаты мен өмір сүру сапасының деңгейін көтеруге бағытталған. Бәсекелік артықшылығы есепке алына отырып, облыс экономикасын арттыру мақсатында келесі даму қорлары анықталды: мұнай-газ өндіру секторын әрі қарай дамыту (қызмет көрсетуші өндіріс сервистерін дамыту, өңірдің минералдық шикізат кешенін іздеу-барлау), өңдеуші салаларды дамыту (соның ішінде «Ақтау теңіз порты» ЕЭА аумағында), облыстың транзиттік әлеуетін дамыту (шекара маңы аймағындағы көлік логистикасы); құрылыс индустриясын дамыту, туризмді дамыту («Кендірлі» халықаралық курорттық демалыс аймағы құрылысы), агроөнеркәсіп кешенін дамыту (жайылымдық және асыл тұқымды мал шаруашылығы). Маңғыстау облысының экономикасын арттыру үшін даму қорларын пайдалану бойынша орталық мемлекеттік органдармен келісілген іс-шаралар жоспары жүзеге асырылуда – деген А.Айдарбаев облыстың өндірістік, әлеуметтік саладағы көрсеткіштерін баиялдады.

Өңірлік даму министрі Ә.Исекешев Маңғыстау облысында жүргізіліп жатқан индустриялық жобалар жайлы жеткізді. «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Маңғыстау облыстық филиалының төрағасы Ж.Доспаев: «Өңірде кәсіпкерлік жақсы дамып келеді. Жаңаөзендегідей бизнес инкубаторды енді облыстың барлық аудандарында ашуды жоспарлап отырмыз. Қаржыландыру бойынша несиелендіру 43 пайызға өсті, кәсіпкерлерге жеңіл несиесімен 561 млн. теңге берілді. Бұл екінші деңгейлі банктерге қарағанда, қолжетімді әрі тиімді. Сондықтан келер жылы кәсіпкерліктің дамуына жол ашу үшін қор құрғымыз келеді, өйткені, екінші деңгейлі банктер жастарға және 50 жасқа асқан жандарға несиесі беруге ынтыла емес», дей келе, «ҚазАгроХолдинг» жұмысының сын көтермейтіндігін және ауыл шаруашылығы саласында түйемен айналысатын шаруашылықтар санының көбейіп келе жатқандығын, ет, шұбат өнімдерінің субсидияға жатпай отырғандығын жеткізді. Елбасы өңірдің даму ахуалын жақсы деп бағалап, жақсы жұмыстар жеткізетін келешегіне сенім білдірді.

Облыс әкімінің айтуынша, облыста жағдай жаман емес. Аймақтың даму қарқыны жедел. Үлкен әлеует бар. Күні кеше

Астраханьда Каспий теңізі маңындағы мемлекеттер форумы өтті және біз көптеген жылдар бойы шешілмеген мәселелерді шештік. Бұл – Қазақстан үшін маңызды. Онда метрология, Каспийдің биологиялық ресурстарын сақтау мен тиімді пайдалану, төтенше жағдайларды жою жөніндегі келісімдерге қол қойдық. Браконьерлермен күрес шаралары, жалпы қылмыспен күрес жөнінде келістік. Бұл – Қазақстан мен Каспий жағалауында тұрған сідер үшін маңызды. Біз инфрақұрылымдық жобаларды теңіз жағасында тұрған Ақтау арқылы шетелдік нарықтарға шығу мақсатымен жүзеге асырамыз. Хромтау-Жезқазған-Бейнеу теміржолы жүктерді тікелей Қытайдан, тіпті, Тынық мұхиты аймағынан сіздерге жеткізуге бағытталды. Өздеріңізге белгілі, біз Түрікменстан, Иран арқылы Парсы шығанағы елдеріне шықпалы отырмыз. Теміржолдардың түйісуі үстіміздегі жылдың 2-3 желтоқсаны күндері өтеді, бұл салынған теміржол желісінде шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға мүмкіндік береді. Сондықтан сіздерге жұмыс істеу керек.

Менің тапсырмам бойынша Ақтау теңіз портының қуаты 12,5 млн. тоннадан 16 млн. тоннаға дейін ұлғайтылды, 2020 жылға қарай 22 млн. тонна жүкке дейін жеткізіледі, яғни екі еселей артады. Барлық бағытта жұмыс істейді. Мәселен, Баку арқылы Кавказ жүктері, контейнерлер тасымалданады. Тек Иранның өзі жылына 6 млн. тоннаға дейін астық сатып алатындығын мәлімдеді. Астық терминалының мүмкіндігі әзірге 1 млн. тоннадан көп емес, қалғаны – резерв. 85 млн. халқы бар Иран – біздің тәуір көршіміз. Бізде Ақтау порты арқылы экспорттық әлеует үлкен. Иран Президентімен келісім барлық бағытта дамуға жаңа мүмкіндіктер ашады.

2012 жылы Түркітілдес мемлекеттердің саммитінде біз Әзербайжан Президенті Г.Әлиевтен Ақтауда логистикалық орталық салу үшін Әзербайжан инвестициясын тарту туралы келістік. Бұл қазақстандықтар үшін сапалы әрі арзан жеміс-көкөніс өнімдеріне кең жол ашады, деген Елбасы өңірде су ташылығын білінесе де, көкөніс түрлерін өсіруге және құс, жұмыртқа өнімдерін дайындауға болатындығын жеткізді. Мал шаруашылығы үшін азық-түліктің жеткіліксіз екенін айтып, алайда, көзін таса, барлық істе нәтижегілікке қол жеткізуге болатындығын, сондықтан еңбек ету керектігін атап көрсетті.

Кәсіпкерлер тарапынан қойылған бірқатар сұрақтарға жауап берген Мемлекет басшысы: «Маңғыстау жұртшылығына шын ниетімен сәлем жолдаймын, амандық тілеймін. Өсіп-өркендей беріңіздер!» деген тілегін жеткізді.

"Егемен Қазақстан"

«ҚАЛАМҚАСТАН» ЭЛЕКТР ҚУАТЫ ӨНДІРЕЛДІ

Бозашы түбегінің солтүстік еңсінде орналасқан «Қаламқас» кен орны қазіргі заманғы озық технологиямен жасақталып, өндірістік қуаты тағы бір сатыға көтерілді. «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасындағы электр жабдығының сенімділігін арттырып, электр қуатының іркілісін тейлейтін газтурбиналы электрстанция іске қосылып, өндіріс орнына жаңа леп ескелді.

Жарты ғасырлық тарихы бар «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ - еліміздегі мұнай-газ саласындағы іргелі кәсіпорын-дардың бірі. Мұнай және газ кен орындарын барлау, игеру, өнім өндіру және іске асыру сынды негізгі қызметімен бірге, әлеуметтік-тұрмыстық ахуалды арттыруға, ауыл әлеуетін нығайтуға үлес қосып, өндіріске жаңа технологиялар енгізу жағын да ұдайы назарда ұстап келеді.

«Қаламқас» кен орнында орын тепкен жаңа өндірістік алаңда инновациялық технологияның қолданысқа енгізілуі «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Сунь Синьюнь, «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы бас директорының бірінші орынбасары Б.Иманбаев, «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының бастығы Н.Сәрсенбай және мұнайшылар қуа болды.

- «Бүгін облысымыз үшін айрықша маңызды жоба жүзеге асты. Газтурбиналы станциядан өндірілетін электр энергиясы «Қаламқасмұнайгаз» кен орнының ғана емес, басқа да кәсіпорындардың, өндіріс орындарының игілігіне жұмсалыды. Жаңа қондырғының тұрақты түрде жұмыс жасап тұруы үшін табиғи газды өндіру көлемін арттыруымыз қажет», - деген облыс әкімі А.Айдарбаев мұнайшылардың қол жеткізген жетістігімен құттықтап,



жылына жүз миллион текше метрге дейін табиғи газды энергия көзіне айналдыруға қауқарлы. Соңғы жылдары өндіріс орнында электр қуатына деген сұраныс 4-6 пайызды құрайды. «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы осы уақытқа дейін электр тоғын алып келген «МАЗК-Қазатомнеркәсіп» серіктестігі мен «Маңғыстау электр тораптық бөлу компаниясы» АҚ-ның электр қуаты өндіріс қажеттілігіне бағытталатын болады», - деген «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС директорының орынбасары Н.Қосбаев газтурбиналы электрстанцияның жұмысын атқару үшін қырық жеті жаңа жұмыс орыны ашылғанын хабарлады.

Игерілгеніне 35 жыл болған «Қаламқас» кен орнында бүгінге дейін 138 395 603 тонна мұнай өндірілген. Мұндағы теңгерімдік қорлары өндіру көлемі 2009 жылғы 5,71 млн. тоннадан 2014 жылы 6,25 млн.тоннаға дейін өскен.

Мамандардың пікірінше, жаңа газтурбиналы құрылғының іске қосылуы табиғи газды аз мөлшерде жұмсауға және қаражатты үнемдеуге мүмкіндік береді.

Облыс әкімі бастаған қоңақтар «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «Қаламқас» кен орнында жуырда пайдалануға берілген полимер айдау зауытында болып, жұмыс қарқынмен танысты.

Полимер айдау зауытының қызметін жүргізіп отырған «Алстрон» ЖШС инженері Қ.Бекетовтың айтуынша, бұрын мұнай алынған ұңғыманы сумен толтырғанда, ол мұнайға араласып кететін. Полимер «қара алтынмен» араласпай, ұңғымада қалған мұнайды шығарады. Алдағы жылдарда полимер айдау арқылы

өндіру көлемі 2009 жылғы 5,71 млн. тоннадан 2014 жылы 6,25 млн.тоннаға дейін өскен.

Мамандардың пікірінше, жаңа газтурбиналы құрылғының іске қосылуы табиғи газды аз мөлшерде жұмсауға және қаражатты үнемдеуге мүмкіндік береді.

Облыс әкімі бастаған қоңақтар «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «Қаламқас» кен орнында жуырда пайдалануға берілген полимер айдау зауытында болып, жұмыс қарқынмен танысты.

Полимер айдау зауытының қызметін жүргізіп отырған «Алстрон» ЖШС инженері Қ.Бекетовтың айтуынша, бұрын мұнай алынған ұңғыманы сумен толтырғанда, ол мұнайға араласып кететін. Полимер «қара алтынмен» араласпай, ұңғымада қалған мұнайды шығарады. Алдағы жылдарда полимер айдау арқылы



еңбектеріне жемістіледі.

Келген қоңақтар өндірістік алаңды аралап, газтурбиналы электрстанцияның жұмыс жасау технологиясымен, электр энергиясын өндірудегі мүмкіндіктерімен танысты.

- «Өндіріс орнының технологиялық қажеттіліктерін өтеуге бағытталған газтурбиналы электрстанция жер қойнауындағы табиғи газды пайдалана отырып, кен орнын электр қуатымен қамтамасыз етеді. Станция құрылымына аэродинамика мен технологиялық жандудың ең соңғы заманауи үлгілері енгізілген. Әрқайсысының қуаттылығы қырық бес мегаватт болатын, екі турбинадан тұратын электрстанция газбен жабдықтайтын қарапайым термодинамикалық әдіспен жұмыс жасайды. Газ қысымын көтеру үшін турбиналар алдынан бұрандалы «ЭЛТАКОН» компрессорлары орнатылған. Электрстанция құрамында алты және отыз бес киловольт бөліп тарататын қондырғы мен қуат көзі желде мүлде болмаған кезде станцияны іске қосуға мүмкіндік беретін дизельді генератормен жасақталған. Генератор трансформатор арқылы тұтынушыға жететін электр тоғын шығарады. «Сименс» компаниясының қос агрегатының басқару жүйесі толықтай автоматтандырылған. Газтурбиналы құрылғы тәулігіне үш жүз отыз мың,



638 миллион тоннадан артық болатын 13 өнімді көкжиектердің тереңдігі 725-тен 936 метрге дейін болса, 2071 өндіруші, 674 айдамалау ұңғымалары бар. 1905 адам еңбек ететін кәсіпорында соңғы жылдары жаңа бастамаларды қолға алып, жаңа нысандардың тұсауын кесу қалыпты дәстүрге айналғандай. Атап айтсақ, жалпы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да жаңа технологияларды енгізу 2010 жылдан бастап қолға алынып, қалдық мұнайды бөлу, көлденең ұңғымаларды бұрғылау технологияларының әсерінен мұнай

мұнай көлемін арттыруды көздеген өндірістік басқарма басшылары полимердің өзін кен орнынан шығаруды жоспарлап отыр.

Қазыналы өлкедегі ырысты мекен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «Қаламқас» кен орнының жетілген, озық технологиямен жабдықталуы өлкенің әлеуметтік-экономикалық дамуына зор серпін беріп, жылдан-жылға қара алтынды өндіру көлемін арттырып, еліміздің табысын еселей түсуге септігін тигізеді.





Модернизация существующих насосов ЦНС 180-1050 в системе ППД с целью увеличения производительности

В связи с необходимостью увеличения объемов закачки воды в системе ЦППД ПУ «КМГ», возникла потребность в увеличении суммарной производительности всех насосов системы ППД до 130000 м³/сут. без строительства нового БКНС. Для решения этой задачи ЦПБО ОГМ Производственного департамента предложил модернизировать существующие насосы ЦНС 180-1050, с целью увеличения производительности каждого насоса до мах 270 м³/ч. вместо 180 м³/ч. предусмотренными заводскими характеристиками. В итоге эти мероприятия позволили достичь заданной суммарной закачки 130 000 м³/сутки, тогда как по заводским характеристикам ихобщая производительность была 103 680 м³/сут.

Цель проекта
Модернизация насосов типа ЦНС 180-1050 с целью увеличения производительности каждого насоса с 180 м³/ч в среднем до 270 м³/ч. для поддержания пластового давления в системе ЦППД ПУ «КМГ».

Финансовый результат
При модернизации 8 насосов ЦНС было затрачено 156 736 207 тенге.

Отказ от строительства нового БКНС стоимостью которого составляет 280 500 000 тенге, экономия денежных средств по затратам на электроэнергию, которая в случае строительства БКНС составит 152 598 915 тенге.

Итого экономический эффект от применения 8 модернизированных насосов ЦНС 240-1050 в 2013 году составил **276 362 708 тенге**

Материальные результаты
- увеличение межремонтного периода с 8000 до 12 000 часов;
- уменьшение количества ППР и соответственного снижения материальных и трудовых ресурсов;
- увеличение закачки технологической жидкости на каждый насос с 4320 м³/сут. до 6 480 м³/сут.;

Следует отметить, что на 01.10.2014 г. запущены в эксплуатацию уже

18 модернизированных насосов. Расчёт же экономической эффективности указанный выше произведен на 8 насосов.

Департаментом бизнес-планирования и экономического анализа выполнены расчеты экономической эффективности от модернизации ЦНС насосов 180-1050 и прогнозного строительства нового БКНС на м/р Каламакс.

Из-за ежемесячного увеличения планового объема закачки воды в пласт в системе ППД, ужесточаются требования к работе действующих насосов ЦНС 180-1050. Соответственно увеличивается интенсивность износа узлов и агрегатов насосов, сокращается межремонтный интервал, максимальные нагрузки на электродвигатели.

Фактические объемы закачки воды по годам:
- 2009г. 37,028 млн.м³;
- 2010г. 39,66 млн.м³;
- 2011г. 41,16 млн.м³.

Для решения данного вопроса в 2011 году были закуплены запасные части для модернизации существующих насосов ЦНС 180-1050 с увеличением их производительности до 240 м³, вместо строительства нового БКНС на сумму 280 500 тыс.тенге.

На период с марта 2012 года по январь 2013 год модернизированы и внедрены в

Вспомогательные трубопроводы



эксплуатацию 8 насосов на сумму 57 875 тыс.тенге.

В расчете затрат на внедрение учтены стоимость нового БКНС, затраты на запасные части для модернизации, затраты на разработку технических паспортов и инструкции по эксплуатации на модернизированные насосы. В виде дополнительных затрат были учтены затраты на электроэнергию.

1) При модернизации 8-и насосов ЦНС закачка воды увеличилась на 4 204 800 м³, при этом было затрачено **156 736 тыс.тенге**.

2) При строительстве нового БКНС закачка воды может увеличиться на 3 153 600 м³, что меньше на 1 051 200 м³ или на 33% при модернизации насосов. Кроме того,

при данном варианте потребуются следующие денежные средства: строительство нового БКНС - **280 500 тыс.тенге**, и в среднем **152 599 тыс.тенге** на электроэнергию ежегодно.

Кроме того, сообщаем, что себестоимость закаченной воды увеличится при модернизации насосов на 26,8 тенге/м³, а при строительстве нового БКНС на 53,1 тенге/м³.

В заключение отметим, что расчеты проведены на основании данных, представленных Производственным департаментом, степень достоверности расчетов достаточно для принятия управленческих решений.

Сравнительные характеристики насосов ЦНС 180х1050 и ЦНС 240х1050

Наименование показателей	Насос ЦНС 180х1050	Насос ЦНС 240х1050
Подача, м³/час		
номинальная	180	240
минимальная	150	200
максимальная	240	290
Напор при максимальной подаче, м	780	780
Давление на приеме насоса кгс/см²	2,5	2,5
Мощность электродвигателя кВт	800	800
Ток статора электродвигателя, А	80-84	84-89

Абыз ағалар ардақталған күн



Ел экономикасы өркендеп өрге басып, заман көші ілгерілеген сайын ұмыт бола бастаған озық әдеттер арамызға қайта орала бастады. Соңғы жылдары қолға алынған осындай игілікті шаралардың бірі қатарында кезінде аудан экономикасын өркендетуге өзіндік үлесін қосып, артына өшпестей із қалдырған еңбек ардагерлерінің тізімі нақтыланып, аудан әкімінің жоспарлы іс-шараларының қатарына енгізілінін айтуға болады. Осының бір нақты көрінісіндей болып 26 қыркүйек күні аудан орталығындағы Мәдениет үйінде сексенін сегізінше шыққан ұш ардагердің мерейтойы барлық сән-салтанатымен аталып өтті.

«Қарттарым-асыл қазынам» айдарымен өткізілген мерекелік шараның бүгінгі құрметті қоңақтары-Маңғыстау мұнайын игеруде өлшеусіз еңбегімен ерекшеленген, түбегейте алғашқы жоғарғы білімді геолог-барлаушы Тұрсынғали Көшенов, саналы ғұмырын шәкірт тәрбиелеуге арнаған ұлағатты ұстаздар Қойшы Қонысбаев, Жұмабай Қалиевтар болды. Сұраныл жылдарда дүние есігін ашып, соғыс жылдары дүние есігін ашып, кезінде білім қуып жоғарғы оқу орнын тамамдаған, бүгінде еңбегінің зейнетін көріп отырған ардагер

ақсақалдарымыздың өмірі тунған тарих десе болғандай. Мерекелік шараға кезінде ауданымызда еңбек етіп өзіндік қолтаңбасын қалдырған, басымылық қызметтерде жасап халықтың құрметіне бөленген өлкемізге танымал тұлғалар, ірі өндірістік мекеме өкілдері, аудандық деңгейдегі еңбек ардагерлері, мекеме және бөлім басшылары мен қызметкерлері, село қоңақтар қатысты.

Кешті жүргізуші, Құрық орта мектеп-гимназиясының мұғалімі Аманбай Таңқаев мерекелік шараны ашық деп жариялағаннан кейін, Жетібай өнер мектебінің өнерпаздарынан құралған сазды фольклорлық ансамбльдің концерттік бағдарламасына кезек берілді. Көкке шалқыған құдіретті күйлердің асем сазы мен орындалған термелер мерекені ажарын кіргізетүсті.

Аманбай мерейтой иелерін сахна төріне шақыра отырып, жиналған қауымды олардың жүріп өткен габратты жолдарымен, алған марапаттарымен таныстырды. Ардагер ағаларымыздың еңбек жолдарынан сыр шертегін бейнесі өзіндік мазмұндылығымен ерекшеленіп, көрермендердің лайықты бағасына не болды.

Құттықтау сөз кезегі берілген аудан әкімі Әділбек Дауылбаев мерекелік кешке қатысушы мерейтой иелерін, шақырғанды қоңақтарды атаулы күнмен құттықтай отырып, алдымызда көпжасы болып жүрген осындай аға буын өкілдерінің еселі еңбектерінің арқасында бүгінгі күнге аман жетіп, бақытты өмір сүріп жатқандықтарын, сол үшін оларға борышты екендіктерін айтып өтті. Ауданымыздың, ауылдың алдағы жарқын болашағына шолу



жасай кеткен аудан әкімі мамандық иелерінің бәрі де ұстаз алдынан өткендігін, сондықтан олардың өлшеусіз еңбегін құрметтеу ұрпақтарының парызы дей отырып, ардагер ағаларға құрмет көрсетті. Құрмет аясында ардагерлерге облыс әкімі мен облыстық мәслихат, аудан әкімі және аудандық мәслихат атынан «Құрмет Грамоталары» табысталып, қаржылай көмек ұсынылды, нықтарына шапан бабылды. Соңынан бәрі естелік суретке түсті. Құттықтау легі жалғасын тауып, «Аджин ККО» компаниясының өкілі Тұрсынғали Көшеновке сый жасаса, аудандық бөлім бөлімінің басшысы Клара Бұайбосинова ардагерлерге марапат ұсынды, оларға арналған өлеңдер оқылды. Республикамызға танымал болып үлгерген жас өнерпаз Батыл Аллысбаевтың орындауындағы өршіл рухқа толы «Қарақия» әнінен кейін сахнаға көтерілген облыс әкімі жанындағы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Аманкелді Ғұмаров бұл тойды облыстық деңгейде аталып өтіп жатыр деп толық негізде айтуға болатындығын жеткізе отырып, мерейтой иелерін республикалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Өмірзақ Озғанбаев және өзінің атынан «Құрмет Грамоталары» табыс етті. Ауданымыздың бірінші хатшысы есебінде

тарихта қалған Тергеу Айдарханов, ауданда басшылық қызметтерде жасаған, бүгінде «Мұнайшы» қоғамдық қорының басшысы Киікбай Рахжанов бұрынғы өткен кезеңнен әсерлі естеліктер айтып, мерейтой иелеріне тарту-таралғыларын үлестірді. Бірге қызметтес болған замандастар інілері, шәкірттері атынан сөз тізгінін алған Сағын Қырымқұлов, Сатыбалды Нұрлыбеков, Есенген Сейтқұлов, Бөрсен Сыражанов сынды ағаларымыз ардагерлерге жүрекжарды құттықтау сөздерін арнай отырып, дайындап әкелген сыйлықтарын табыстады. Әсіресе, ардагер ұстаз Бөрсен Сыражанов Шәреждан Әленовтың Қойшыға арнап шығарған әзіл өлеңін оқып, көпшіліктің көңілін бір серпіліп тастады.

Ақжарма көңілдерден шығып жатқан ақжарқын естеліктер бүгінгі кештің ерекшелігін айықтай түскендей. Бір сөтке Астана мен Алматы қалаларынан келіп түскен құттықтау жеделхаттарына кезек беріліп, соны аудан өнерпаздары ұсынған асем әндермен өріліп жатты. «Маңғыстау-мұнайға» АҚ бас директордың бірінші орынбасары Бақыт Иманбаев өздеріне дәріс берген, қызметтес болған ардагер ағаларын құттықтап, оларға компания атынан Бекет-Ата жерасты мешітінің қолсұрағтерін табыс етті. Құттықтау сөз той иелерінің тұма-туыстарына, мерейтой иелеріне беріліп, мерекелік шара одан әрі жалғасын тапты. Кеш соңы ардагер ағаларға арналып «Жан» мейрамханасында жайылған кең дастархан басында жалғасты. Жақсы әдет жалғасын таба берсін деген ізгі ниетпен абыз ағалармен қимай қоштастық.

«Қарақия»

ЕЛДІ ЕЛ ЕТЕТІН ЕҢБЕК

«Әлемнің әміршісі – еңбек, тек еңбекпен ғана жеміс өнбек, тек еңбек қана бар қиындықты жеңбек». И.Назарбаев.

Биыл елімізде 28 қыркүйекте алғаш рет Еңбек күні атап өтілді. «Еңбек етсең емерсің», «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Бейнет түбі – зейнет». Қазақтың мақал-мәтелдері ғажап қой. «Қазақстан – 2050» Стратегиясының негізгі тұңғыры – Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамын қалыптастыру болып табылады. Адал және кәсіби еңбек Қазақстанды әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосады. Қарапайым еңбек адамдарын ынталандыру үшін «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы және «Еңбек ардагері» медалі беріледі.

Еңбек мерекесі қарсаңында «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясының басқармасы акционерлік қоғам бойынша «**ҮЗДІК МАМАНДЫҚ ИЕЛЕРІ**» конкурсын ұйымдастырған еді. «Жүзден жүйрік» шыққан өз мамандықтарының майталмандары «**Үздік мұнай және газ өндіру операторы**», «**Үздік слесарь-жөндеуші**», «**Үздік электрғазбен дәнекерлеуші**» атақтары үшін «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ, «Жетібаймұнайгаз» ӨБ және АҚ өндірістік департаменті мұнайшылары арасында сайыс өткен. Біз бүгінгі нөмірде үздік электрғазбен дәнекерлеуші атақтарын алған Сапарқұл Тұржанов (бірінші орын), Талғат Мамбетжанов (екінші орын), Абай Оңаев (үшінші орын) туралы сыр шертпекпіз.



КРАСНОВОДСКДЕН БАСТАЛҒАН ЖОЛ



-Қарапайым адамды мұратқа жеткізетін жалғыз жол, ол адал еңбек,- дейді «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ өндірістік департаменті орталық өндірістік қамту базасының жөндеу-механикалық цехы 5-дәрежелі электрғазбен дәнекерлеушісі Сапарқұл Тұржанов. Ол дүниеге Түркіменстанның Красноводск қаласында 1967 жылы келді. Әкесі Қазақбай шофер, ал шешесі Қымбат үй шаруасында болды. Бұлар Алмағұл, Сапарқұл, Байманбет, Исатай, Маханбет атты бес туыс болатын. Өмірге қажет мамандық алуды көздеген балаң жігіт сол қаладағы кәсіптік-техникалық училищеге түсіп, электрғазбен дәнекерлеуші мамандығын алып шықты да, «Сантехмонтаж» зауытына жұмысқа орналасып, көп кешікпей Отан алдындағы борышын өтеуге әскер қатарына аттанды. Сапарқұл әскерден оралса туыстары Қазақстанның Маңғыстау өлкесіне көшіп жатыр екен. 2000 жылы Сапарқұл Ақтауға әуелі өзі келіп, жұмыс іздеді, білікті маманға қай жерде де жұмыс әзір ғой, көп қиналмай «Маңғыстаумұнайгазға» мамандығы бойынша бірден орналасты. Содан бері табан аудармастан осында. Кейін отбасын көшіріп алды. Өзімен бірге жұмыс жасайтын дәнекерлеушілер Еламан Рақашев та, Меңдіқожа Исмайлов та білікті дәнекерлеушілер. Сапарқұлдың олардан үйренгендері көп. Зайыбы Несібелі 2003 жылдан Жетібай кенорнында лаборант болып жұмыс істейді. Балалары Бауыржан жүргізуші болса, Мұханбеті инженер. Үш айлық Сағидолла атты немересі бар.

Сапарқұл компаниядағы еңбек адамдарының мәртебесін өсіріп, әлеуметтік бәсекелестікті дамытуға бағытталған «Үздік мамандық иелері» конкурсында «Үздік электрғазбен дәнекерлеуші» номинациясы бойынша бірінші орынды иеленді. Ол осындай атақты 2004 жылы да жеңіп алған болатын. Демек Сапарқұл Тұржанов компаниядағы өз мамандығының білгірі, еңбек озаты.

ЖЕТІБАЙДА ТУҒАН ЖІГІТ

- Қазір жұмыс табу басты мәселе ғой,- деді бізбен әңгімесінде «Жетібаймұнайгаз» ӨБ пайдаланыстағы жабдықтарды прокаттау-жөндеу цехының 5-дәрежелі электрғазбен дәнекерлеушісі Талғат Оқтамбекұлы Мамбетжанов.- Жұмысқа тұру үшін мамандық керек. Жұмысшы мамандығын беретін техникалық училищелер

мен колледждердің жұмысын жақсартса дұрыс болар еді. Мәселен, мен сегізінші классты бітірген соң Ақтау қаласындағы №1 техникалық-кәсіптік училищеге (қазір колледж) оқуға түсіп, мұнараларды құрастыру дәнекерлеушісі мамандығын алып шықтым. Осы мамандық менің отбасымды асырап қана қоймай, мені құрметке де бөлеп келеді.

Талғат Жетібай кентінде дүниеге келген, қарапайым отбасында тәрбиеленді. Әкесі Оқтамбек Жетібайдағы №9 автобазада шофер болса, шешесі Салима құрылыс цехында сылақшы-сыршы болып еңбек етті. Екеуде өндіріс үшін аса қажет мамандық, демек мамандықтың жақсысы мен жаманы болмайды, тек оны меңгере алмай, ауырдың үсті, жеңілдің астымен жүретіндер ғана болады. Талғат бірінші классты бітірген жылы әкесіне мекемесі Ақтау қаласындағы 4 шағын ауданнан патер берді де, қалада оқыды, мекеме әкеге тағы да үйін кейейтін, 26 шағын ауданнан төрт бөлмелі патер ұсынады. Сөйтіп, Талғат мектепті үш жерде, Жетібайда, Ақтауда



№5 және 14 мектептерде оқыды да сегізінші классты бітірген соң жоғарыда өзі айтқандай №1 техникалық-кәсіптік училищеге (қазір колледж) түсіп, мамандық алып шығады. Демек мамандығы бар адам жерде қалмайды екен. Ал қазіргі жастардың жұмысқа алайын десе көбінің мамандығы болмай шығады емес пе?

Талғат училищеге оқып жүріп, Жетібайға практикаға жиі баратын, жас жігітті әбден танып алған «Жетібаймұнайгаз» Өндірістік басқармасының бастығы Жақсылық Жанғазиев оны училищені бітірген бойда механикалық цехқа жұмысқа қабылдады. Сегіз айдан кейін әскерге шақырылады. Екі жыл қызмет етіп, Отан алдындағы борышын өтеп келген соң Жетібай кенорнына жөндеу-прокат цехына қайта алынады. Демек әскерге алынардағы орны сақталған екен. Содан бері табан аудармастан осында істеп келеді. Талғат өзінің еңбектегі ұстаздары Толик Карнаух, Асан Жанышев, Дулат Қыдырбаев, т.б. болғандарын, енді өзінің ұстаздық дәрежеге жеткенін, мәселен, Қайрат, Есбол деген жігіттерге ұстаздық еткенін мақтаншыпен айтып отырады. Зайыбы Раушан екеуі Әйгерім, Әсем, Жандос атты балаларын дүниеге әкелді.

Талғат компаниядағы еңбек адамдарының мәртебесін өсіріп, әлеуметтік бәсекелестікті дамытуға бағытталған «Үздік мамандық иелері» конкурсында «Үздік электрғазбен дәнекерлеуші» номинациясы бойынша екінші орынды иеленді.

АБЫРОЙ ЕҢБЕКПЕН КЕЛЕДІ

